



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ




БЕКІТЕМІН






Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма/төрағасы-ректор
С.Н.Идрисов
09 2022 ж.


Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН
ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАҒЫ
ЖАРИЯЛАНЫМЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 126

Атырау 2022 ж.


	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталаңдыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жариялауына туралы ереже	2 - бет, 11 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Ғылым департаментінің директоры м.а.	А.М. Бакирбекова		16.09.2022
Келісілді	Ғылым және халықаралақ байланыстар жөніндегі проректор	Е.К. Айбульдинов		20.09.2022
	Бас есеңші	Р.Д. Исмагамбетова		21.09.2022
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т. Кайшыгулова		23.09.2022
	Заң кеңесшісі	К.С. Қуанов		26.09.2022


	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Еасылым:үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланымдары туралы ереже	3 - бет, 11 беттен тұрады

Мазмұны


1	Қолдану саласы	4
2	Терминдер мен анықтамалар	4
3	Жазба және қысқартулар	4
4	Жалпы ережелер	5
5	Импакт-фактор туралы мерзімді ғылыми жарияланымды бағалау	5
6	Ынталандыру шаралары	6
7	Өтінішті қабылдау және қарау рәсімі	7
8	Қорытынды ережелер	7
9	Қосымша А	9
10	Танысу парағы	10
11	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	11

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланым туралы ереже	4 - бет, 11 беттен тұрады


	Қолдану саласы
1.1	Осы Ереже халықаралық рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың нәтижелері бойынша Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор – оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін көтермелеу шараларын белгілеу мақсатында «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Жарғысына сәйкес әзірленді.
2	Терминдер мен анықтамалар
2.1	<p>Бұл Ережеде мұндай ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>ғалым – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын әрі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізетін жеке адам;</p> <p>ғылыми (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері;</p> <p>ғылыми-зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс;</p> <p>ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;</p> <p>ғылыми мақала – түпнұсқа ғылыми зерттеулердің (алғашқы ғылыми мақала) нәтижелерін сипаттайтын немесе ортақ тақырыпқа байланысты бұрын соңды жарияланған ғылыми мақалаларды қарастыруға арналған авторлық жұмыстың (ғылыми мақаланы шолу) толық нұсқасы;</p> <p>ғылыми журнал - ғылыми әдебиетке қатысы бар мерзімді (баспа немесе электрондық нұсқада) ғылыми ақпараттың негізгі көздерінің бірі. Әдетте, мұндай журналдар теңдесі жоқ (референттелетін) болып табылады. Журнал жарияланғанға дейін авторлардың жариялауға жіберген барлық мақалаларын тақырыбына сәй сарапшылар тексереді;</p> <p>импакт-фактор (Impact Factor, IF (по базе Web of Science) немесе CiteScore (по базе Scopus) - белгілі бір мерзім аралығында журнал ғылыми жарияланым (мақала) сілтеме жасау жиілігі ретінде есептелетін және рецензияланған журналды бағалау, санаттауымен салыстыруға арналған сандық көрсеткіш.</p> <p>SJR индикаторы (SCIMago Journal Rank) – бұл журналмен алынған дәйексөздер санын, сондай-ақ осындай дәйексөздер келіп түсетін журналдардың маңыздылығын немесе беделін ескеретін ғылыми журналдардың ғылыми ықпалының көрсеткіші.</p>
3	Белгілеулер мен қысқартулар
	<p>ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмысы.</p> <p>АЕК - айлық есептік көрсеткіш.</p> <p>ЗҚ - заңды қызмет.</p> <p>СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі;</p>

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланым туралы ереже	5 - бет, 11 беттен тұрады


	<p>ҒЖХБП – Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор; ҚББ – Құрылым бөлім басшысы; ПОҚ- Профессор- оқытушылар құрамы.</p>
4	Жалпы ережелер
4.1	«Х.Досмұхамедов Атырау университеті» КеАҚ (әрі қарай – Универитет) дамудағы іргелі оқу орындарының бірі, жаһандық ғылыми қауымдастықтың толыққанды интеграциясы болып табылады. Оқу орнында қызмет атқаратын зерттеушілердің ғылыми жетістіктерге халықаралық бағалауы жатады. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін жариялау қазіргі заманғы ғылыми қызмет атрибуты және зерттеушінің академиялық дамуындағы табысты көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Халықаралық рейтингтік ғылыми журналда қазіргі таңда жаһандық сипатта және бүкіл әлем бойынша профессор-оқытушылар, зерттеушілердің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.
4.2	Қазіргі уақытта университет оқытушыларымен ізденуші нәтижелері бойынша көпшілік жергілікті сипатта екенін ескере отырып, жаһандық ғылыми қауымдастыққа интеграциялануды жеделдету, ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалауды жоғарылату және халықаралық рейтингтік ғылыми басылымдарға жариялаумен қатар қатынасуды еліміздің қарқынды даму мәселелерін шешуге ғылыми-зерттеудің алдыңғы қатарына шығу нәтижесінде ынталандыру қажет.
4.3	Бұл Ереже халықаралық рейтингтік ғылыми басылымдарда жариялым нәтижелері бойынша табысты академиялық қызметтің заманауи, объективті көрсеткіштері негізінде университет профессор-оқытушылар, қызметкерлеріне ынталандыру шараларын бекітеді.
4.4	Осы ережеде материалдық ынталандыру көрсетілген талаптарға сәйкес келетін халықаралық рейтингтік ғылыми басылымдарда жариялау үшін жасалады.
5	Мерзімді ғылыми басылымдар мен жарияланымдарды бағалау
5.1	Шетелдік ғылыми журналды бағалау үшін Journal Citation Reports, Clarivate Analytics және Scientific Journal Rankings, Scopus есептерінде ашық баспада жарияланатын халықаралық журналдар рейтингі (жылдық) пайдаланылады.
5.2	Сыйақы беру сәтінде шетелдік журнал индекстелуі және Web of Science базасы және/немесе Scopus базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы болуы тиіс, бұл ретте тек өткен жылғы CiteScore және SJR $\geq 0,1$ берген журналдардағы жарияланымдар ғана ескерілетін болады.
5.3	Басылым келесі талаптарға сай қанағаттандыратын болып саналады:
5.3.1	Ынталандыру шараларына алғаш рет ұсынылған немесе бұрын ынталандырылмаған;
5.3.2	Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, өмір туралы ғылым және медицина саласындағы басылымдар үшін Web of Science дерекқорының алғашқы үш квартиліне (Q1, Q2, Q3) кіретін және (немесе) Scopus базасында cite Score бойынша Процентілі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда жариялануы тиіс. іргелі зерттеулер үшін 50 (елуден) кем емес, қолданбалы зерттеулер үшін 35-тен кем емес;
5.3.3	Қоғамдық, әлеуметтік, гуманитарлық және әскери ғылымдар саласындағы басылымдар үшін Web of Science дерекқорының алғашқы төрт квартиліне (Q1, Q2, Q3, Q4) кіретін және/немесе Social Science citationindex және Arts and Humanities Citation Index индекстелген және (немесе) citescore бойынша процентілі бар рецензияланған ғылыми басылымдарда жариялануы тиіс Scopus базасында 35 (отыз бес)-тен кем емес;

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым:үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланым туралы ереже	6 - бет, 11 беттен тұрады


5.3.4	Журналдың арнайы шығарылымында («Supplement») жарияланбаған;
5.3.5	Күмәнді беделге ие, «жыртқыш» және немесе жалған журналдарға енбеген (сарапшы Джеффри Бейлл және Dolos list тізіміне сәйкес);
5.3.6	Толық зерттеу мақаласы болып табылады. Конференция материалдары мен тезистері, жарияланған монографиялар мен кітаптарға аннотация-мақалалар, редакторға хаттар және мақалалардың қысқа абстракттары ескерілмейді;
5.4	Автор аффиляцияда университет атауының ағылшын тіліндегі - Kh. Dosmukhamedov Atyrau University (немесе ескі атауы Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University) атауын көрсеткен мақалалар ғана есепке алынады.
6	Ынталандыру шаралары
6.1	Ынталандыру шаралары екі бағыттан тұрады: - ПОҚ-ның КРІ қорытындысы бойынша еңбекақыға үстемеақы; - осы Ережеде көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын шетелдік рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар нәтижелері бойынша материалдық көтермелеу;
6.2	Бірінші авторға / корреспондент авторға немесе авторлық ұжымға Web of Science және/немесе Scopus дерекқорына кіретін шетелдік рейтингтік ғылыми журналдарда әрбір жарияланым үшін материалдық көтермелеу келесі мөлшерлерде айқындалады: БП-ға сәйкес шетелдік ғылыми басылымның рейтингтік көрсеткіштеріне байланысты бұйрық шыққан кезеңге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 20-дан 100 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін. Осы Ереженің 5.1-5.4 және автордың (авторлардың) ғылыми жарияланымға қосқан үлесі;
6.3	Авторлық ұжым мүшелері арасында ақшалай көтермелеу өздері ұсынған өтініш негізінде немесе өтініш болмаған жағдайда авторлық ұжым арасында тең үлеспен бөлінеді.
6.4	Университет басшылық тарапынан қаражаттың бөлінуіне қарай ғылыми журналда жариялым нәтижелеріне негізделіп, басқа да ынталандыру шаралары басу ықтимал.
6.5	Ғылыми жарияланым және (автордың) материалдық ынталандыру туралы университеттің шешімі бойынша веб-сайт онлайн-басылымдарында жоғары жұмысы ретінде жариялануы мүмкін.
6.6	Ғылыми журналда жарияланым нәтижелеріне негізделген материалдық ынталандыру, өтініш беруші тарапынан штаттық қызметкер және Қазақстан Республикасының резиденті болған жағдайда жалақы қорында жинақ есебінен жүзеге асырылады.
6.7	Егер бір мақала Web of Science және Scopus деректер базасында бір мезгілде көрсетілсе, онда материалдық ынталандыру тек бір рет төленеді.
7	Өтінішті қабылдау және қарау рәсімі
7.1	Ғылыми журналда жарияланған қорытынды бойынша ынталандыруға өтініш беруші (өтініш берушілер тобы) еңбек шартында толық жұмыспен қамтылған университеттің (ғылыми/педагогикалық) қызметкері болуы шарт.
7.2	Өтініш беруші (өтініш берушілер тобы) университет ректорына (1-қосымша негізінде) жазбаша өтініш беріп, онда материалдық ынталандыру туралы көрсетіледі, қолы қойылып, күні көрсетуі қажет;
7.2.1	Мақала жариялаған кезде бірлескен автор(лар) (толық мәтіні, журнал атауы, мерзімі,

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланым туралы ереже	7 - бет, 11 беттен тұрады

	көлемі, нөмердің саны) және де веб-сілтемесі көрсетілуі қажет;
7.2.2	Университеттің ғылым жөніндегі департаментімен, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректормен келісу;
7.2.3	Материалдық ынталандыру туралы өтінім беруші басылымның барлық авторларына алдын-ала хабарлау;
7.2.4	Бірлескен авторлар арасында пайыздық төлемдерді бөлу немесе мақұлданған жағдайда, университеттен материалдық көтермелеудің барлық сомасын алу үшін бірлескен авторлардың қатарынан жеке тұлғаны көрсету.
7.3	Материалдық көмек ретінде жинақталған ынталандыру қаражаты барлық салықтармен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қамтиды.
7.4	Университет басылым авторларының арасында материалдық көтермелеуді бөлуді ұйымдастыру бойынша міндеттеме алмайды.
7.5	Университет басылым авторларының арасында материалдық көтермелеуді бөлуге байланысты наразылықтарды қарастырмайды.
7.6	Өтініш берушілер ұсынған ақпарат пен нақты жағдайды жариялау туралы құжаттарда сәйкессіздік болған жағдайда, келіспеушіліктерді анықтау кезеңінде университеттің игілігіне қарамастан, материалдық ынталандыруға алынған өтініш берушіден (<i>өтініш берушілер тобы</i>) төленген сыйақы көлемі толығымен өтеледі;
7.7	Ғылыми жарияланымның және басылымның материалдық көтермелеуге сәйкестігін бақылау университеттің ғылым департаментіне жүктеледі.
8	Қорытынды ережелер
8.1	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады және оған қол қойылып құжатпен ресімделеді.
8.2	Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ережелерді әзірлеу тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.
8.3	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапкершілікте болады.
8.4	Осы Ережеге Университет ішіндегі ағымдағы өзгерістерді және өзге де жағдайларды ескере отырып, университет стратегиясының өзгерістеріне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
8.5	Мерзімді түрде, қажет болған жағдайда, ережелер құрылымдық бөлімшенің басшысымен қайта қаралады.
8.6	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болуы мүмкін: <ul style="list-style-type: none"> - заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар; - Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрықтары; - құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу; - құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру; - Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың рұқсатымен өзгерістер енгізу себебін көрсете отырып, құрылымдық бөлімшенің басшысы қызметтік жазбасы.
8.7	Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген кезде ереже ауыстырылуы

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланымдары туралы ереже	8 - бет, 11 беттен тұрады

	керек.
8.8	Ауыстыру жағдайында университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы керек.
8.9	- Стандарттау жөніндегі ұйымның 9001:2015 халықаралық стандартының талаптары
8.10	Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің және стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның 9001: 2015 талаптарына сәйкес келісуді мониторинг және сапа бөлімі жүзеге асырады.
8.11	Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын жіберуді мониторинг және сапа бөлімі жүзеге асырады.
8.12	Бөлімшеде Ереженің есепке алынған жұмыс данасын сақтауға құрылымдық бөлімше бастығы жауапты болады

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: үшінші
	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін ынталандыру шаралары мен ғылыми басылымдағы жарияланым туралы ереже	9 - бет, 11 беттен тұрады

А қосымшасы

Материалдық ынталандыру үшін ғылыми басылымға арналған өтініш үлгісі

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма-төрағасы
ректор**

**Математика кафедрасының ф.-м.ғ.
докторы, профессор _____**

ӨТІНІШ

Сізден ғылыми жарияланымды қарауыңызды сұраймын

A. Shelestov, M. Rakhimov and R. Onerbaev, "Poisson brackets and subalgebras," Journal of the American Mathematical Society, 20__ , Vol. __, № __, pp.161-176. ISSN: _____

Материалдық ынталандыру мәні

Веб-сілтеме жариялау: <http://www.ams.org/journals/jams/2004-17-01/S0894-037-03-0038-57/home.html>

Импакт-фактор журналы – 2,0 (20__ ж.), SJR _____

Барлық қосымша авторлар материалдық ынталандыруға осы өтінішті беру арқылы хабардар етіледі (Ескертпе: егер жарияланымның бірлескен авторы болса).

* Мақұлданған жағдайда материалдық ынталандыру алушы Р.Өнербаевты көрсетуіңізді сұраймын.

** Мақұлдаған жағдайда материалдық ынталандыру алушылар М.Рахимовты (50%) және Р.Өнербаевты (50%) көрсетуді сұраймын.

Қосымша: _____ парақта мақаланың көшірмесі (баспаханада болады).

Қолы:

Күні:

Тел.:

Эл.пошта:

